

Қарасу негізгі мектебінің 2021-2022 оқу жылында 1-сыныпта жүргізілген тәрбие жұмысының талдауы.

2021-2022 оқу жылы 1 сынып 7 оқушымен басталды. IV тоқсан 27.04.2022ж бастап, Айжарық Көркемай отбасы жағдайына байланысты басқа мектепке ауысты. 1-сыныпта 1 ер бала, 6 қыз бала бар



Көп балалы отбасылар: Нұрсейітқызы Айсана,
Ниязбекова Асылай,
Бектасқызы Көзайым.

Ең алдымен сыныптардың жаңа оқу жылына деген дайындығын бақылаумен басталды. Оқушылардың мектепке материалдық жағынан даярлығы тексеріліп, ата-аналармен байланыс жасалып, хабарлар алынды. 1 қыркүйек білім күніне орай «**Кел, балалар, оқылық!**» атты 1-сыныпта білім сағаты ұйымдастырылды. Өткізілген сынып сабағына мектеп ұстаздары қатысып, оқушылар еліміздің осы жылға дейінгі жетістіктерінен хабардар болып, білімдерін толықтырды.

Тәрбие бағыты бойынша 2021-2022 оқу жылының тәрбие сағаттарының жоспары бекітілді. Сынып сағаттары ұйымдастырылып, түрлі форматта жұмыстар өткізілді. Сыныпта сақтық шараларын (ара қашықтық, маска, антисептиктер т/б) сақтап отырамыз. Қыркүйек айында «Ана тілі азығым, адастырмас қазығым» атты қазақ тілі апталығы өтті. Апталыққа оқушылар белсенділікпен қатысты. Қазан айында аудандық «Шығармашылық бастауы - ізденісте» тақырыбында семинар өтті.



Сынып оқушыларының ата-аналарымен үнемі байланыста болып, түрлі іс-шараларға, мектеп әкімшілігінің ұйымдастырған түрлі жоспарлы жұмыстарына (тренинг, сауалнама, дөңгелек үстел, т.б) бала тәрбиесіне қатысты түрлі қатынас негізінде болған жұмыстарға қатысып отырды. Сынып оқушыларын қатыгездікке тәрбиелейтін ойындардың алдын алу, тыйым салу, сауалнама, баяндама, презентациялар ұйымдастырылды.



Тәрбие бағыты бойынша өткізілген тәрбие сағаттары:

№	Тәрбие бағыттары	Өткізілген тәрбие сағаттарының саны
1	Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	6
2	Рухани-адамгершілік тәрбие	4
3	Ұлттық тәрбие	3
4	Отбасы тәрбиесі	4
5	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	4
6	Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие	4
7	Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	4
8	Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру.	4

Ашық тәрбие сағаты: «Мейірімділік-асыл қасиет»

Мақсаты: Білім алушылардың «сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту. Үлкен-кішіге деген сүйіспеншілігін. Сыйластық қарым қатынасын дамыту. Әдептілікке, кішіпейілділікке, ізгілікке тәрбиелеу.

Ата-аналармен жүргізілген жұмыстар:

«Мен және менің балам» атты ата-аналар жиналысына мектеп мейірбикесі қатыстырылды.



Сынып жетекшісі:

М.Р.Ермек